

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 28 қазандағы N 30 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қарашада N 3938 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 151/13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 19.04.2024 № 151/13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы мәслихатының 02.06.2017 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 25.12.2019 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 25.12.2019 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
мәслихатының
VIII-і сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
мәслихатының хатшысы

М. Қахабаев

Қ. Шәріпов

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша
ауданы мәслихатының 2016 жылғы 28
қазандағы № 30 шешіміне 1- қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы мәслихатының 02.06.2017 № 91 (алғашқы ресми күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 25.12.2019 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 18.03.2020 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1. Жалпы ережелер

Осы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін ұсыну ережелерін бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін белгілейді.

Осы Тіртінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе"

қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

4) уәкілетті орган – жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын " Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматтың) бір айда кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы.

2. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға арналған шығыстарға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша отбасының жиынтық табысына он пайызды құрайтын деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында тұрақты тұратын адамдарға кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасына сәйкес жеткізушілер ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу шоттары мен ай сайынғы жарналардың шоттары бойынша бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі. Ауданның жергілікті өкілді органы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындайды.

3. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы.

4. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

5. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар қабылданған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

6. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

7. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш жасаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салуының қабылдағаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, хабарлама жіберіледі.

8. Мемлекеттік корпорация өтінішті ақпараттық жүйе арқылы қабылдайды және оны тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді.

9. Уәкілетті орган отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенін анықтау негізінде тұрғын үй көмегін беруден бас тартады және өтініш берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы не Мемлекеттік корпорация арқылы дәлелді бас тартуды жібереді.

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді не қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган қабылдайды. Тағайындау туралы хабарлама не тағайындаудан бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорацияға немесе электрондық құжат ретінде "жеке кабинетке" жіберіледі.

11. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдың басынан ағымдағы тоқсанға тағайындалады.

3. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері

12. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері коммуналдық қызметтерін тұтынуға арналған шығыстарға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шекті жол берілетін шығыстарының арасындағы айырма ретінде айқындалады.

13. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегінің мөлшерін есептеу кезінде мынадай нормалар есепке алынады:

1) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 18.03.2020 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2) өтем шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңы нормасына әр адамға кемінде он бес шаршы метр және көп дегенде он сегіз шаршы метр пайдалы алаң, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер мөлшерінде немесе жатақханадан бөлме қабылданады.

3) өтем шараларымен қамтамасыз етілетін есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

Егер шығыстарға нормалар мен тарифтер заңнамамен белгіленген тәртіпте айқындалмаса, шығынды өтеу нақты шығыстар бойынша жүргізіледі.

14. Коммуналдық қызметтерді тұтынудың есептеу құралдары бар тұтынушылар үшін қабылданатын шығыстар, есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін коммуналдық қызметтер шығыстарының белгіленген

нормалардан аспайтын есептеу құралдарының көрсеткіштері негізінде, алдындағы тоқсанға нақты шығындар бойынша айқындалады.

Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеуді "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген, Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

15. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган есептелген соманы өтініш берушілерінің жеке шоттарына аудару жолымен екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 28 қазандағы № 30 шешіміне 2 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің Тізбесі

1. "Тұрғын үй көмегін ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 182 шешімі (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2010 жылғы 18 наурызда тіркелген № 13-11-172, "Тайынша таңы" аудандық газетінде 2010 жылғы 16 сәуірде және "Тайыншинские вести" 2010 жылғы 16 сәуірде жарияланды);

2. "Тұрғын үй көмегін ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Тайынша ауданы мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 182 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012 жылғы 5 қарашадағы № 57 шешімі (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2012 жылғы 7 желтоқсанда тіркелген № 1983, "Тайынша таңы" аудандық газетінде 2012 жылғы 28 желтоқсанда және "Тайыншинские вести" 2012 жылғы 28 желтоқсанда жарияланды);

3. "Тұрғын үй көмегін ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Тайынша ауданы мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 182 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 79 шешімі (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылғы 19 сәуірде тіркелген № 2249, "Тайынша таңы" аудандық газетінде 2013 жылғы 17 мамырда және "Тайыншинские вести" 2013 жылғы 19 сәуірде жарияланды);

4. "Тұрғын үй көмегін ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Тайынша ауданы мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 182 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 157 шешімі (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2014 жылғы 23 қаңтардағы тіркелген № 2511, "Тайынша таңы" аудандық газетінде 2014 жылғы 7 ақпанда және "Тайыншинские вести" 2014 жылғы 7 ақпанда жарияланды);

5. "Тұрғын үй көмегін ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Тайынша ауданы мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 182 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 169 шешімі (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2014 жылғы 28 сәуірдегі тіркелген № 2685, "Тайынша таңы" аудандық газетінде 2014 жылғы 16 мамырда және "Тайыншинские вести" 2014 жылғы 16 мамырда жарияланды);

6. "Тұрғын үй көмегін ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Тайынша ауданы мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 182 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2015 жылғы 4 қарашадағы № 327 шешімі (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2015 жылғы 30 қарашадағы тіркелген № 3481, "Тайынша таңы" аудандық газетінде 2015 жылғы 25 желтоқсан және "Тайыншинские вести" 2015 жылғы 25 желтоқсанда жарияланды).